



Балалар әдебиетінің хас шебері

*Жазып та көрдім мен де өлең,
Жазып та көрдім қара сөз.
Ерте ме, кеш пе, мен де өлем,
Өлмейді тек дана сөз.
Б.Соқпақбаев*

Бердібек Соқпақбаев балалар үшін жаралған жан болатын. Өзінің шығармашылық жолын балаларға өлең жазудан бастаған ол, кейін прозалық шығармалары арқылы балалардың сүйікті жазушысына айналды. Сондай-ақ балаларға арналған бірнеше сценарий, пьесалар да жазды. Балалар әдебиетінің классигі, аса талантты қазақ жазушысы, ақыны, прозаигі Б.Соқпақбаев бүгінде тірі болғанда 95 жасқа толушы еді.

Қазақ прозасына қайталанбас, өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті жазушы Б.Соқпақбаев Алматы облысы, Нарынкөл ауданында дүниеге келген. Ол қазақ балалар әдебиетінің мәртебесін биіктетіп, мазмұнын байытты, әлемге мойындатты.

«Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деген Абай атамыз, кітап атты құдіреттің ғажайып күйін бойына жинап, өмірлік азық етпей пе еді?! Бүгінгі күні компьютер, теледидар, интернет үлкен рөлге ие болып отырған уақытта кітап оқудың сиреп бара жатқаны ашы болса да шындық.

Кітапты насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін пайдалана отырып, оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында

насихаттау мақсатында қазақтың әйгілі жазушысы Б.Соқпақбаевтың туған күніне арнап кітапханашы Д.А.Халиева мен жас ма-

әдеби кеш өткізілді. Кешке Мағжан Жұмабаев атындағы ЖОББ мектебінің 7-сынып оқушылары және сынып жетекшілері Гүлзат Есмұханова да қатысты. Оларға жазушының «Менің атым Қожа», «Өлгендер қайтып келмейді», «Балалық шаққа саяхат», «Ана жүрегі», «Шал мен бала», «Жекпе-жек», т.б. туындылары таныстырылып, кітап көрмесінен орын алған кітаптарға шолу жасалды.

Сонымен қатар, жазушы өмірінің әр кезеңіндегі әр сәттері бейнеленген слайдта құнды фотосуреттері көрсетілді. Буктрейлер арқылы «Менің атым Қожа» фильмінің үзінділері қойылып, сұрақтар арқылы кешіміз одан әрі әрлене түсті. Кеш соңында әр бала өз пікірін ортаға салып, Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасы бойынша өздерінің актерлік шеберліктерін көрсете отырып, Қожаның қызықты сәттерін сомдай білді.

Атамыш кешке белсене қатысқан балаларға алғысымызды айтып, білімдері шарықтай берсін деген тілек білдіреміз.



жұмыс жасау - біздің тікелей міндетіміз. Осыған орай, қазақ балалар әдебиетін бүкіл әлемге мойындатқан Б.Соқпақбаевтың шығармашылығын

мандарымыз А.К.Махметова, А.Ж.Тастыбайдың ұйымдастыруымен аудандық балалар кітапханасында «Балалар әдебиетінің хас шебері» атты

Қ.А. Дайрова
Орталық балалар кітапханасы